

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

Заң факультеті
Ғылыми кеңесінің
мәжілісінде бекітілді
№ ____ хаттама «
____» _____ 2015 ж.

Факультет деканы
____ Байдельдинов Д.Л.

Мамандық: Заңтану

Шифр: 6M030100

СИЛЛАБУС

Модуль № _____

Жерге және басқа да табиғи ресурстарға құқықты мемлекеттік реттеудің мәселелері

2 курсы, к/б, 4 семестрі (сыртай), кредит саны 3, пәннің түрі
(міндетті/таңдаулы)

Дәріскер: Накишева Махаббат Кенжехановна, PhD, доцент м.а.
телефондары (жұмыс, үй, ұялы байланыс) 377-33-34 (1257)
e-mail: , каб.: 323

Оқу курсының мақсаты: студенттердің болашақ мамандығында осы салаға қатысты айтарлықтай кең білімдерді беруге бағытталған. Сонымен қатар, студенттерді Қазақстан Республикасындағы жерге деген құқықты мемлекеттік тіркеудің негізгі теориялық негіздерімен таныстыру. Аталған пәнді игеру лекциялық және семинарлық сабақтарда теориялық және тәжірибелік материалдарды, негізгі және қосымша әдебиеттерді, оқу құралдарын зерттеу жолымен және де семинарлық сабақтарды жаңа интерактивті әдістерді қолданумен жүзеге асырылады.

Оқу курсының негізгі міндеттері:

- жерге деген құқықты мемлекеттік тіркеу туралы негізгі түсініктер мен

- терминдердің мағыналарын ашу;
- жылжымайтын мүлік пен жерге қатысты құқықтың пайда болу тәртібінің, ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу қажеттілігінің мазмұнын кең түрде ашу;
 - аталған курсты оқу студентке әр түрлі өндірістік-шаруышылық қызметті ұйымдастыру және жүргізу барысында жер қатынастырының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. Курс жерді пайдалану мен құқықтық қорғау ерекшеліктерінің мағынасын аша отырып, жерге қатысты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру ерекшеліктері туралы және жерді пайдалану режимі туралы жалпы көріністі береді, жерді рационалды пайдаланудың тек түрлі қызметтерді жүзеге асыру барысында ғана емес, сонымен қатар жерге деген құқықты тіркеу барысында көзқарастардың қалыптасуына септігін тигізеді;
 - болашақ заңгер мамандарының бойында мемлекет, жеке тұлға және заңды тұлғалардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғауға қатысты іс-шараларды қолдана алу біліктілігін қалыптастыру.

Құзыреттері (оқытудың нәтижелері): Аталған оқу пәні оқытудың барлық дәстүрлі әдістерін қолданады: арнайы әдібиеттерді және нормативтік актілерді зерттеу, міндеттерді шешу, студенттердің өзіндік жұмысы; студенттер білімін бақылаудың қарастырылған формасы - емтихан.

Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі тиіс:

а) Қазақстандық жер заңнамасының негіздерін, оның принциптерін, маңызды категорияларын және институттарын білуі тиіс;

б) жеке меншік құқығының ерекшеліктерін және де жерді пайдаланушы мен жерді иеленуші арасындағы ерекшеліктерді білуі тиіс;

в) жерге деген құқықты мемлекеттік тіркеу барысында жер заңнамасын дұрыс қолдана алуы тиіс, және де жерді пайдаланумен байланысты түрлі әрекеттерді ұйымдастыра алуы тиіс;

г) жер дауларын шешуге қатысуға, жерді инвентаризацияға, жерді тартып алу мен ластауға қатысты шығынды өлшеуге, жеге орналастыру жұмыстарын жүргізуге дайын болуы тиіс.

Аталған мақсаттар мен міндеттер оқу курсының мазмұнын және құрылымын ашады. Аталған оқу курсының тек теориялық ғана емес, сонымен қатар тәжірибелік маңызы өте зор. Аталған нәрселер жылжымайтын мүлікке қатысты құқықтарды мемлекеттік тіркеу маңыздылығын терең түсіну қажеттілігімен тікелей байланысты.

Пререквизиттер

- Қазақстан Республикасының жер құқығы;
- Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы;
- Қазақстан Республикасының административті құқығы.

Постреквизиттер:

- Экологиялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету;
- Жер заңнамасын қолданудың тәжірибесі

ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

| Апта | Тақырыптың аталуы | Сағат саны | Максималды балы |
|-----------------|--|------------|-----------------|
| 1 Модуль | | | |
| 1 | 1 дәріс. Жерге деген құқықты тіркеуді мемлекеттік бақылау түсінігі, пәні, қайнар көзі және жүйесі. | 2 | |
| | 1 практикалық (зертханалық) сабақ. Жерге деген құқықты тіркеуді мемлекеттік бақылау түсінігі, пәні, қайнар көзі және жүйесі | 1 | 6 |
| 2 | 2 дәріс. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар, олардың құзіреттілігі | 2 | |
| | 2 практикалық (зертханалық) сабақ. Мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органдар, олардың құзіреттілігі | 1 | 6 |
| 3 | 3 дәріс. Жерге деген құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырудың тәртібі және ерекшеліктері | 2 | |
| | 3 практикалық (зертханалық) сабақ. Жерге деген құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырудың тәртібі және ерекшеліктері | 2 | 6 |
| | 1 СОӨЖ. Жерге деген құқықты мемлекеттік реттеу аясындағы нормативті-құқықтық актілерді зерттеу Тапсыру формасы - Презентация | 1 | 10 |
| 2 Модуль | | | |
| 4 | 4 дәріс. Жерге қатысты жүзеге асатын | 4 | |

| | | | |
|---|--|---|----|
| | мәміле түсінігі, түрлері және мақсаттары | | |
| | 4 практикалық (зертханалық) сабақ. Жерге қатысты жүзеге асатын мәміле түсінігі, түрлері және мақсаттары | 2 | 6 |
| | 2 СОӨЖ. Жер телімдерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жерді алып қоюдың негіздері мен тәртібі | 1 | 10 |
| 5 | 5 дәріс. Жер теліміне берілетін құқық шегі және нормалары. | 4 | |
| | 5 практикалық (зертханалық) сабақ. Жер теліміне берілетін құқық шегі және нормалары. Жер телімдерін жеке меншікке берудің нормалары. | 2 | 6 |
| | 3 СОӨЖ. Ортақ меншіктегі немесе ортақ пайдаланудағы жерлер құрамынан шаруа немесе фермер қожалығын ұйымдастыру үшін жер учаскесін алу және тіркеу кезіндегі ерекшеліктері | 1 | 10 |
| 6 | 6 дәріс. Жер теліміне деген құқықты табыстау және беру тәртібі. | 4 | |
| | 6 практикалық (зертханалық) сабақ. Жер теліміне деген құқықты табыстау және беру тәртібі. | 2 | 6 |
| | 4 СОӨЖ. Жер телімдерін жеке меншікке берудің ерекшеліктері. Жерге деген құқықты табыстау. Тапсыру формасы - жазбаша. | 1 | 10 |

| | | | |
|-----------------|--|---|---|
| 7 | 7 дәріс. Ортақ меншіктен немесе ортақ жер пайдаланудан жер телімдерін алу және тіркеудің ерекшеліктері. | 4 | |
| | 7 практикалық (зертханалық) сабақ. Ортақ меншіктен немесе ортақ жер пайдаланудан жер телімдерін алу және тіркеудің ерекшеліктері. | 2 | 6 |
| | 1 Аралық бақылау. Тапсыру формасы - өткен материалдар бойынша жазбаша және ауызша тапсыру | | 100 |
| | Middle Term | | 100 |
| 3 Модуль | | | |
| 8 | 8 дәріс. Сервитут ауыртпалығын құқықтық рәсімдеу ерекшеліктері. | 2 | |
| | 8 практикалық (зертханалық) сабақ. Сервитут ауыртпалығын құқықтық рәсімдеу ерекшеліктері. | 1 | 6 |
| | 5 СООЖ. Жер теліміне қатысты жеке меншік құқықты және жерді пайдалану құқығын алу, тіркеу және тоқтату ерекшеліктері. Тапсыру формасы - реферат. | 1 | 10 |
| | 6 СООЖ. Жер қатынастарын мемлекеттік реттеу органдарының жүйесі және олардың функциялары. | 1 | 10 |
| | 2 Аралық бақылау | | 100 (7*6,4=45+25+30=100) |
| | Өтпелі оқу бағасы (PK1+PK2)/2 | | 300 |
| | Емтихан | | 100 |

| | | | |
|--|----------------|--|------------|
| | Барлығы | | 400 |
|--|----------------|--|------------|

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Нормативтік-құқықтық актілер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. (1998, 2007 және 2011 жылғы өзгерістер мен толықтыруларымен қоса)
2. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. 20 маусым 2003 ж.
3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. 09 қаңтар 2007 ж.
4. Қазақстан Республикасының Орман кодексі. 8 шілде 2003 ж.
5. Қазақстан Республикасының Су кодексі. 9 шілде 2003 ж.
6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 6 шілдеде 2006 ж.
7. Қазақстан Республикасының шаруа немесе фермер қожалығы туралы заңы. 31 наурыз 1998 ж.

Арнайы әдебиеттер

Негізгі:

1. Земельное право: Учебник" (Улюкаев В.Х., Чуркин В.Э., Нахратов В.В., Литвинов Д.В.) ("Частное право", 2010)
2. Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан. Общая часть. Учебное пособие. Алматы, 2001 г.
3. Стамкулов А. С, Стамкулова Г. А. С 76 Земельное право Республики Казахстан (общая часть). Учебное пособие. - Алматы, 2007. - 407 с.
4. Косанов Ж.К. Право собственности, право землепользования и иные права на землю. Монография. Алматы, 2002 г
5. Л.Қ. Еркінбаева, Г.Т. Айғаринова: Қазақстан Республикасының жер құқығы. Оқу құралы. Жалпы және ерекше бөлім. Алматы «Жеті Жарғы»2010.

Қосымша:

1. Степанов С.А. Недвижимое имущество в гражданском праве. М., 2004;
2. Алексеев В.А. Недвижимое имущество: государственная регистрация и проблемы правового регулирования. - М.: "Волтерс Клувер", 2007.
3. Скворцов О.Ю. Сделки с недвижимостью в коммерческом обороте. М.,

2006;

4. Чубаров В.В. Проблемы правового регулирования недвижимости. М., 2006;

5. Аппак Т.Д. Правовое регулирование государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним: На примере договоров аренды нежилых помещений в г. Москве: Автореф. дис. : канд. юрид. наук. М., 2004;

6. Карлин А.Б. Принципы регистрационной системы прав на недвижимость в условиях экономической интеграции // Вестник Министерства юстиции РФ. 2005;

ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Бағаны қою саясаты

| | | |
|----|---|-----|
| 1. | ЖАУАПТЫҢ ТОЛЫҚТЫЛЫҒЫ | 60% |
| 2. | ӨЗ УАҚЫТЫЛЫ | 5 % |
| 3. | ӘРЕКЕТ ЕТУШІ ЗАҢДАРДЫ ТАЛДАУ | 20% |
| 4. | ҚОСЫМША МАҒЛҰМАТТАРДЫ ОҚУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖАУАП БЕРУ КЕЗІНДЕ ПАЙДАЛАНУ | 10% |
| 5. | САБАҚ УАҚЫТЫНДА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУ | 5% |

Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.

Орынды себептермен зертханалық сабақтарға қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін лаборанттың қатысуымен қосымша уақытта зертханалық жұмыстарды орындауға болады. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді

Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.

Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым

салынады. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырлауға, өзге біреу шығарған есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. Курстың кез келген мәліметін бұрмалау, Интранетке рұқсатсыз кіру және шпаргалка қолдану үшін студент «F» қорытынды бағасын алады.

Өзіндік жұмысын (СӨЖ) орындау барысында, оның тапсыруы мен қорғауына қатысты, сонымен өткен тақырыптар бойынша қосымша мәлімет алу үшін және курс бойынша басқа да мәселелерді шешу үшін оқытушыны оның келесі офис-сағаттарында таба аласыз:

| Әріптік жүйе бойынша бағалау | Балдардың сандық эквиваленті | % мәні | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|------------------------------|------------------------------|--------|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A- | 3,67 | 90-94 | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3,0 | 80-84 | |
| B- | 2,67 | 75-79 | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | Қанағаттанарлық |
| C | 2,0 | 65-69 | |
| C- | 1,67 | 60-64 | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | |
| D- | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | Қанағаттанарлықсыз |
| I (Incomplete) | - | - | Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді) |
| P (Pass) | - | - | «Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді) |

| | | | |
|--------------------------------|---|-----------------|---|
| NP (No Pass) | - | - | « Есептелінбейді» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i> |
| W (Withdrawal) | - | - | «Пәннен бас тарту» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i> |
| AW (Academic Withdrawal) | | | Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i> |
| AU (Audit) | - | - | « Пән тыңдалды» <i>(GPA есептеу кезінде есептелінбейді)</i> |
| Атт-ған | | 30-60 50-100 | Аттестатталған |
| Атт-маған | | 0-29 0-49 | Аттестатталмаған |
| R (Retake) | - | - | Пәнді қайта оқу |

Кафедра мәжілісінде қарастырылды

№ 1 хаттама « » ----- 2015ж.

Кафедра меңгерушісі

з.ғ.д., профессор Жатқанбаева А.Е.

Дәріс оқушы

PhD, доцент Накишева М.К.